

ЫҚЫЛАС

Сеніміміз
ақталды

Бұлай дейтін себебім, 20 қарашада өткен кезектен тыс Президент сайлауында жалғыз менің ғана емес, бүкіл қазақстандықтардың сенімі ақталды. Сайлау қорытындысында қазіргі Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев алты адамның арасынан қара үзіп, 81,31 пайыз дауыс жинап, алдағы жеті жылға қайыра Президент болып сайланды.

Мен осы науқан басталғаннан оның Абай ауданындағы сенімді өкілдерінің бірі болған едім. Сондықтан, өзіміз сенген үміткерімізді қолдау мақсатында үгіт-насихат жұмыстарына белсене қатысып, сайлау күні белгіленген аумақтағы барлық сайлау учаскелерінде болып, сайлау демократиялық жолмен ашық, әділ өтті деп айта аламын. Өйткені, Қасым-Жомарт Тоқаевтың кейінгі үш жылда елімізде жүзеге асырып жатқан саяси, әлеуметтік-экономикалық реформалары халықтың сенімін еселей түсіп, ертеңге деген үмітін оятты. Жаңа Қазақстанды құру жолында ел сеніміне ие болған Қасым-Жомарт Кемелұлының осы бағытынан таймай, елімізді өркеніет көшіне бастай беретініне сенімім мол.

Есенғали ТӨКЕБАЕВ,
аудандық жүзу бассейнінің директоры

Абай ауданы

Бизнеске
керегі –
тұрақтылық

Бұл сайлауды өзгерістің бастауы деп қабылдадым. Өйткені, осы сайлау нәтижесі тәуелсіздік алған уақыттан бері қол жеткізген жетістіктерімізді саралап, озығымызды іліп алып, кемшілігімізді түзейтін реформаларға жол ашады.

Еліміздің жаңадан сайланған Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бұл оқиғаның маңызы зор екенін қадап айтты. Біріксек, алынбайтын қамал жоғын да тілге тиек етті.

«Шын мәнінде, биыл оңай болған жоқ. Бірақ, халқымыз жұмылып, қиындықтардың бәрін еңсерді. Енді алдымызда тұрған өте ауқымды міндеттер, мақсаттар бар. Атқаратын жұмыс әлі де көп», – деді Мемлекет басшысы. Кейінгі уақытта қолға алынған түбегейлі бетбұрыс еліміз үшін мәні терең қадам екенін де еске салды.

Әрине, бизнес үшін мемлекет тарапынан қомақты қолдау көрсетілуде. Жөнілдетілген несие, субсидия, лизинг, мұның барлығы – Мемлекет басшысының сарабал саясатының жемісі. Кәсіпкерлік орта үшін ең қажет климат – тұрақтылық. Елдегі тұрақтылық инвестиция үшін тартымды. Жаңа Президентіміз осы тұрақтылыққа, тыныштыққа кепіл болады деп ойлаймын.

Қуандық ҚАЗАНҒАПОВ,
«Polymet Solutions Corporation» ЖШС бас директоры

Бұқар жырау ауданы

ІШТЕ ПІКІР ІРКІЛМЕСІН

Ел сенді, Ер жеңді. Енді?

Қайрат ӘБІЛДА

Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауында Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевқа 6 млн. 456 мың 392 сайлаушы дауыс берілті. Мұны Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров мәлім етті.

Сайлау қорытындысы белгілі бола салысымен Мемлекет басшысы Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдады. Бүгінде көп сарапшының бұл қабылдаудың мәнісін ұғына алмай, түрлі болжамның жетегінде кетіп, шарасыз күйге түскендей болғанын да айта кеткен жөн. Ресми ақпаратқа сенсек, Президент облыс басшысына өңір экономикасын одан әрі дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берген.

Ал шын мәнісіне келсек, Қарағанды облысы сынды еліміздің индустриялық тірегі болып саналатын өндірісті өңірді Мемлекет басшысы ұдайы жіті назарда ұстайды. Мысалы, Президенттің осы жылдың 5 қазанында кеншілер астанасына келіп, жұртшылықпен кездескен кезіндегі «Облыс еліміздің өнеркәсіп секторында жетекші орынға ие. Аймақ қарқынды дамып келеді және экономиканың барлық саласы бойынша тұрақты өсім көрсеткішін сақтап отыр. Біз «Қуатты өңірлер – қуатты ел» қағидатын нақты ұстанып келеміз», – дегені есте. Біле-білген адамға бұл жоғары баға және оны жауапкершілік жүктейтін жана меже деп те пайымдауға болады.

Сол кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев облысқа қатысты бірқатар тапсырмалар берді. Соның бірі – «Sagap» индустриялық аймағына қатысты. «Қарағандыдағы «Са-рыарқа» арнайы экономикалық аймағы мен «Sagap» индустриялық аймағында бірқатар



Фото akorda.kz сайтынан алынды

ірі кәсіпорын іске қосылып, перспектива-сы мол өндіріс жобалары жүзеге асырылып жатыр, – деген Президент. – Олар шетелдік компаниялардың өндірісін көшіретін алаңға да айнала алады және айналуға тиіс. Ол үшін лайықты жағдай жасалуы керек. Үкіметке «Sagap» индустриялық аймағының инфрақұрылымын қалыптастыруды 2023 жылы аяқтауды тапсырамын».

Сонымен қатар, Мемлекет басшысының облысымызды көктеп өтетін күре жолдар құрылысына да назар аударып, нақты тапсырмалар бергені белгілі. Олардың қатарында «Қарағанды – Балқаш» және «Балқаш – Бурылбайтал», «Қарағанды – Жезқазған» және «Қарағанды – Қарқаралы» тас жолдары бар.

Қарағанды облысы дегенде, осындағы алпауыт кәсіпорын – «АрселорМиттал

Теміртау» компаниясын айналып өту мүмкін емес. Сол кездесуде Президент осы кәсіпорынға қарасты нысандарда жұмысшылар қаза тапқан оқиғалардың жиі қайталанып отырғандығына алаңдаушылық білдірген болатын. Сол себепті ол ірі компаниялардың өндірісті жаңғыртуға әрдайым инвестиция құйып отыруы керектігін еске қатан түрде салған еді. «Үкiлеттi орган-дар өндiрiстiк апаттардың көбейгенi үшiн кәсiпорындардың жауапкершiлiгiн күшейтетiн жүйелi шаралар қабылдауы қажет», – деген болатын Мемлекет басшысы.

Иә, бұл біздің облысқа ғана қатысы бар шаруалардың бір парасы. Ал ел бойынша шешімін табуы тиіс мәселелер, атқарылар жұмыстар қаншама десеңізші?!

Қазақстан халқы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бастап кеткен реформалардың

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Заманның өзі жаңа өндіріс пен өнімінің өмірге келуін талап етеді. Бүгінгі уақыт – дәл сондай уақыт. Өзге елдердің басқалардан бір қадам алда жүруінің себебі де осында. Олар тұтынушы талабына дер кезінде үн қатып келеді. Елде инфрақұрылым мен құрылыстың қарқын алуы да нарықтан соны сұрайды. Қажеттіліктерді алыстан арбалағаннан гөрі жақыннан дорбалаған абзал екенін аңғартады. Кейінгі жылдары құрылыс материалдарын шығаруда Қазақстанның бәсі біршама жоғары. Әуелі шақтап бастап, содан соң қанатын кенге жайған құрылысқа қажетті өнім өндірген өндіріс кешендері көбейгені өтірік емес. Ондай өнеркәсіп жобалары Қарағанды аймағында да бар. Мәселен, Қарағандыдағы «Lifeyshik» ЖШС компаниясы жакында жұмысын бастайды. Ол гофрленген полипропиленді (пластик) құбыр шығаруды көздейді. Яғни, бұл құбыр – кәрізге, дренаждық желілерге, су бұру және су жіберуге арналған құбырлар.

Құбыр нарығының
90 пайызын жабады



Бұл күні заманауи құрылысты сусыз әрі жылусыз елестету мүмкін емес. Осы орайда ғимарат ішіндегі және сыртындағы инженерлік коммуникацияларда полипропиленді құбырлар өзге материалдан жасалған құбырларды ығыстырып шығарып келеді. Химия өнеркәсібі кез келген сұранысты жаба алатын түрлі өнімге мүмкіндік бергенін мойындау керек.

Гофрленген полипропиленді құбыр шығаратын компания басшысы Александр

Иванов жобаға өз қаражаты есебінен қазіргі таңда 500 млн.теңге инвестиция құйылғанын айтады. Бірақ мұнымен шектелмек емес екен. Қомақты инвестиция әлі де салынады.

– Бұл қаражат тек қана – өзіміздікі. Мұнда ешбір шетелдік қаржы, я болмаса, басқа серіктестер тартылған жоқ. Жоба толық іске асқанға дейін 1,7 млрд. теңге инвестиция салынады. Оған – кәсіпорынға қажетті құрал-жабдықтар алынады. Біз «Даму» қорына пайыздық ставканы субсидиялауға

және жобаға кепілдік беруге өтініш жолдап, ол өтінішіміз қолдау тапты, – дейді компания басшысы.

Жоба негізінде 50-70 адам жұмыспен қамтылады. Алайда, ол кезең-кезеңмен іске аспақшы. Айталық, ең алдымен, құрал-жабдықтарды орнату кезінде 10-15 адам жұмысқа алынады. Содан соң жоба іске кіріскенде 50-70 қарағандылық тұрақты жұмысқа орналаса алады.

Кәсіпорынның жобалық қуаты жылына – 8000-9000 тонна құбыр. Бұл өнімдер екі өндірістік желіге бөлінеді. Оның бірі – жылына 2500 тонна, екіншісі – 6500 тонна өнім шығарады.

– Кәсіпорынның өнімі – гофрленген полипропиленді құбырлар. Өнім түпкілікті шикізаттан, түйіршіктелген полипропиленнен жасалады. Шикізат Корея, БАӘ және Еуропа елдерінің алдыңғы қатарлы өндірушілерінен жеткізіледі. Сапасы өте жоғары. Барлық қажетті талаптарға толық жауап береді.

Біз шығаратын құбырлардың диаметрі 100-ден, 1200 мм-лік диаметрге дейінгі өлшемді қамтиды, – дейді компания басшысы.

3-бетте

Баспасөз – 2023

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай 5848,50	5919,00
Жеке жазылушылар үшін	12 айға 4116	12 ай 11697,00	11838,00
		6 ай 3100,50	3111,00
		12 ай 6201,00	6222,00

25 қазаннан 25 қарашаға дейін жеңілдікті тарифтер (бір жылға жазылу шартымен)

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны жүріп жатыр. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, Ермаков көшесі, 33-үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

Газетке 6 айға және бір жылға жазылуға болады.

Анықтама телефоны: 8 771 528 86 46, 8 702 656 70 61
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

Санаты	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ каталогымен қала бойынша	«Қазпошта» АҚ каталогымен аудан/ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10257,00	10470,00
Жеке жазылушылар үшін	3492	5577,00	5706,00

«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша 12 айға жазылу бағасы: Назар аударыңыз!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнының) баламғы қатылу өңдірісіледі.



● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Ленин шахтасындағы апатқа жұмыс беруші кінәлі. Бұл – арнайы құрылған Үкіметтік комиссияның шешімі. Бүгінде 26 лауазым иесінен тұратын жауапты тұлғалар тізімі түзілді. Тізімге «АрселорМиттал Теміртау» компаниясы басшылығынан бастап, шахтаның инженерлік-техникалық құрамы еніп отыр.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Комиссия жұмысына Төтенше жағдайлар министрі Юрий Ильин жетекшілік етті.

– Комиссия Ленин шахтасындағы апат Д-6 пластын ашу кезінде бұрын бұрғыланған дренаждық ұңғымалардан газ бен көмір тозаңының көп мөлшерде шығуымен байланысты газодинамикалық құбылыстан орын алды деген ұйғарымға келді. №79 бекет тұсындағы бұрғылау станогының металл бекіктіктеріне бұрғылау қарнағының үйкелуінен ұшқын шыққан. Ұшқыннан метан газы мен көмір тозаңы тұтанып, жарылыс болған. Өндірістік жұмыстар реті дұрыс ұйымдастырылмағанын, инженерлік-техникалық персонал тарапынан тиісті қадағалау іс-шаралары жүр-

Апатқа кінәлі – компания



гізілмегенін атап өту қажет. Мұнда Көмір департаментінің мамандары да, шахтаның инженерлік-техникалық құрамы да өз ісіне салғырт қараған. Комиссия «жұмысшылардың кінәсі – 0 пайыз, жұмыс берушінің кінәсі – 100 пайыз» деген ұйғарымға келді, – деді комиссия төрағасы.

Юрий Викторовичтің айтуынша, бұрғылау барысында шаң басу шаралары атқарылмаған. Яғни, көмір тозаңы өте көп мөлшерде жиналып

қалған.

Сондай-ақ, шахтада қауіпсіздікті қадағалайтын маман жетіспейді.

– Қауіпті газдар жайылуын болжау қызметінде тау-кен шеберлері тапшы. Есеп бойынша 25 адам болуы қажет. Ал, штат кестесінде 13 адам ғана еңбек еткен. Жұмыс күші жетпегеннен бұрғылау кезінде болжау жұмыстарының сапасы мен параметрлерін тиімді бақылауға мүмкіндік болмаған. Сонымен қа-

тар, аэрогазды қадағалау қызметінің штатында жерасты электр слесарлары жеткіліксіз. Салдарынан газдан сақтану жүйесіне қызмет көрсететін, газ датчиктерінің жұмысын қадағалайтын мамандар жоқ, – деді Юрий Викторович.

Комиссияның қорытынды материалында ҚР еңбек заңнамасын, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді бұзуға жол берген 26 жауапты тұлға есімі аталды. Бұл тізімде компанияның бас директоры Биджу Наир, көмір өндірісіне жауапты Желсон Батиста да бар.

Комиссия төрағасының мәлімдеуінше, бұл тізім келешекте толығыу да ғажап емес. Жоғары басшылықтағы тұлғалар да куәгер немесе күдікті ретінде жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Жинақталған материал жұмыс тәртібіне қарай қадағалау және құқық қорғау органдарына табысталады. Бұдан бөлек, қазіргі таңда Бас прокуратураның тапсырмасы бойынша компания қызметіне кешенді тексеру жұмыстары қолға алынды.

Естеріңізге сала кетсек, 3 қарашада «АрселорМиттал Теміртау» компаниясына тиесілі Ленин атындағы шахтада жарылыс болған еді. Салдарынан бес адам көз жұмып, төрт адам жарақат алған-ды.

● БРИФИНГ

Оқу жылының ортасына да жақындап қалдық. Ата-ана мен мектеп түлегінің ендігі уайымы – қорытынды аттестат, ҰБТ, «Алтын белгі». Биыл емтихан, ҰБТ тапсыру ережесіне қандай ерекшеліктер енгізілді? Бұл туралы облыстық білім басқармасының басшысы Гүлсім Қожахметова мен «Самғау академиясы» және даму орталығының жетекшісі Ардақ Жакин БАҚ өкілдері қатысқан брифингте мәлімдеді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл облыс мектептерінен 6 мыңнан астам – 11-сынып, 15 мыңнан астам – 9-сынып түлектері қана тақады. Қорытынды аттестаттау мерзімі әзірге нақты бекітілмеді. Министрліктің «2022-2023 оқу жылын аяқтау туралы» бұйрығына сәйкес 30 сәуірге дейін белгіленеді деп күтілуде.

– 11-сыныптың барлық түлегі қорытынды емтиханнан өтеді. Яғни, мектепте емтихан тапсырып, нәтижесі бойынша орта білім туралы аттестат алады. Аттестаттау 5 пәннен (4 міндетті және 1 таңдау) өтеді. Осы жылдан бастап 5-тен 9 (10) сыныпқа дейінгі оқу кезеңінде

Биыл ҰБТ бес рет өтеді



барлық пән бойынша жылдық және қорытынды бағалары «5» болған 9 (10) сынып түлектері Үздік аттестат алады, – деді Гүлсім Қожахметова.

Биылғы жылы «Алтын белгіге» үміткер түлектер үшін бірқатар өзгеріс қарастырылған. 9-сынып қорытындысы бойынша ерекше үлгідегі аттестат алған және 10-11-сыныптың барлық оқу тоқсандарында «Өте жақсы» бағасы бар оқушылар «Алтын белгіге» үміткер бола алады.

– «Алтын белгіге» үміткерлер Назарбаев Зияткерлік мектептері базасында математика бойынша емтихан тапсыруы тиіс. Үміткер ауырып қалып, емтиханға қатыса алмай қалған жағдайда сауығып кеткен соң қайта тапсыруға мүмкіндік бар. Сонымен қатар, жалпы білім беретін пәндер бойынша соңғы үш жылда халықаралық олимпиадалардың

жеңімпазы атанған «Алтын белгіге» үміткерлер қажет болған жағдайда емтихандардан босатылады, – деді Гүлсім Шабданқызы.

Бұдан былай түлектер ҰБТ-ны жылына 5 рет тапсыра алады. Қаңтар, наурыз және тамыз айында – ақилы негізде түсу үшін, маусым-шілде айында – грант үшін тапсырады. Әзірге тестілеу форматында өзгерістер жоқ. Алайда, ҰБТ бейіндік пәндер комбинациясының тізіміне «Информатика» пәні енгізілді.

Осыдан екі жыл бұрын білім алушыларды ҰБТ-ға даярлау мақсатында «Репетитор» жобасы іске қосылған болатын. Осы бастаманы «Samgau Академиясы» жеке даму орталығы қолға алып, жұмыс істеп келеді.

– «Samgau Kazakhstan» жеке қоры арқылы облыс бойынша 5 мың

баланы ҰБТ-ға дайындап жатырмыз. Оның ішінде 1400 оқушы әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан. Қазір оқушылардың 70%-ы – гуманитарлық, 30%-ы – техникалық мамандықтарды таңдап отыр. Біз оқушыларды топқа бөліп, жеке-жеке таңдаған пәні бойынша оқытамыз. Әр тоқсан сайын тест алып, нәтижесімен жұмыс істейміз. Қарағандыдағы үздік ұстаздарды қатарымызға қосып, балалардың қарым-қабілетін арттыруға күш салып жатырмыз. Ең бірінші рет тест алғанымызда аудиторияның 57%-ы 50 баллдың әр жақ-бер жағын жинаған. 100 баллдан жоғары жинаған – 21%-ы ғана еді. Қазіргі нәтижелері тіптен басқа. Оң өзгеріс бар. Енді оқу жылының соңына дейін ең үздік нәтижеге қол жеткіземіз, – деді Ардақ Дүйсембекұлы.

● САЙЛАУДАН СОҢ...

Иә, екі айға созылған бұл сайлау кампаниясында нитрига аз болды. Кім жеңетінін қоғам жақсы түсінді. Дегенмен, сайлаудың өз ерекшеліктері де болғанын көрдік. Әрбір кандидаттың өз бағыты, электораты бар. Есімі мен жілік шаққаны біраз талқыға түскен Жигули Дайрабаевтың жақтастары өз партиясына сай ауыл тұрғындары болды. Оған дауыс берген 3,42 пайыз сайлаушыларға оның ұсынған бағдарламасы ұнаған шығар, мүмкін «ауылдан шыққан» имиджі ұнады ма?!

Осы жолғы сайлауға гендерлік теңдікті іздейтін электораттың өкпесі жоқ шығар. Әйелдер қауымының өкілдері Салтанат Тұрсынбекова мен Қарақат Әбден 168 мың және 206 мың дауыс жинады. Тұрсынбекованың бағдарламасы кеңірек және ақпараттық қолдауы күштірек болғанымен, дәстүрлі құндылықтарды ұстанған Әбденге дауыс бергендер көбірек болды. Бұл қазіргі біздің қоғамның әлеуметтік құрылымын бейнелейді.

Мейрам Қажыкенте дауыс берген 200 мыңнан артық сайлаушы қатарында кәсіподақ қозғалысы мен интеллигенция өкілдері көбірек болуы мүмкін.

Өздерін оппозиция деп атайтын ЖСДП өкілі Нұрлан Әуесбаев электораты ресми билікке наразы топ пен партияның жақтастары екені түсінікті. Олардың саны 176 мыңнан асады.

Ең бастысы – халық сенімін ақтау



Бұл кандидаттар басты орынға таласта Қасым-Жомарт Тоқаевпен ешқандай бәсекеге үміт арта алмайтынын түсініп, екінші орынға таласты және бір-бірімен кішігірім тайталасқа түсті. Мысалға, дебаттар кезінде Тұрсынбекова-Қажыкент, Дайрабаев-Әбден арасындағы текетіресті байқадық. Мұны толыққанды саяси бәсекелестік деп айтуға болмас, дегенмен, белгілі бір драма орын алды.

Кәдімгі бәсекелестіктің болмауына бірнеше фактор әсер етті деп айтуға болады. Бұл, алдымен, қоғамдық-саяси кеңістікте лайықты тұлғалардың болмауы. Наразы топ үміт артқан оппозиция ортақ кандидат ұсыну түгілі, бір-бірімен тіл табыса алған жоқ. Саяси жүйенің дамуына сөзсіз қажет конструктивті оппозиция қалыптаспауы да саяси кеңістіктегі дағдарысты байқатады.

Сонымен бірге, саяси технологиялардың енді ғана «тіріліп» келе жатқанын да ескеру қажет. Дегенмен де, сайлауға түскен кандидаттар бұл науқанда саяси кеңістікте өздерін жариялауға және көрсетуге мүмкіндік алды. Мүмкін өздері партия құрар, мүмкін кейбіреуі депутаттыққа түсер.

Орталық сайлау комиссиясы жариялаған ресми нәтижелерге сәйкес, Қ.Тоқаевқа 6 миллион 456 мыңнан астам азамат өз дауысын беріп, сенім көрсетті. Өткен 2019 жылғы сайлауда ол 70,96 пайыз жинаса, осы жылы 81,31 пайыз дауыс жинады. Бұл – нақты қорытынды.

Бұл сайлауда басты кандидат Қасым-Жомарт Тоқаев командасы жүргізген сайлауды кампаниясының келесі ерекшеліктеріне тоқталуға болады:

– Аукымды бағдарлама ұсынылды. Бағдарламада саяси реформалардан бастап, өңірлердің дамуына дейін егжей-тегжейлі 7 жылға жоспар жасалды. «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» атты бағдарлама атауының өзі барлық қоғамға және әрбір азаматқа арналғанын байқауға болады. Кандидат өз электоратының сұранысына сәйкес келетін бағдарлама ұсынды. Қ.Тоқаев: «Енді әділеттілік идеясы біздің мемлекеттік саясатымыздың ең маңызды ұстанымына айналды... Біздің басты байлығымыз бен бәсекелес басымдығымыз – адам. Сондықтан, біз «адам мемлекеті үшін емес, мемлекеті адам үшін» формуласын берік ұстанамыз» деп атап өткен болатын. Енді осы жоспарларды іске асыру міндеті тұр. Бұл – 7 жылға арналған үлкен және маңызды жұмыс;

– Кандидаттың төңірегіне әртүрлі ауқымдағы саяси күштер топтаса алды. Парламенттік партиялардан бастап, басқа да қоғамдық ұйымдар «Халықтық коалиция» құрамында кең ауқымды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Республикалық қоғамдық штаб пен аймақтық штаб өкілдері қоғамның әртүрлі топтарымен кездесіп, сайлауды бағдарлағанын тәптіштеп түсіндірді;

– Тоқаев командасы бұл сайлау кампаниясында үгіт-насихат құралдарын әзірлегенде екі нәрсеге ерекше акцент жасады. Ол –

● МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫНДА

Облыстық мәслихат депутаттары кезектен тыс XX сессияда облыстың нақтыланған бюджетін қабылдады. Бюджеттің түсімі мен шығысы бойынша өзгерістер әлеуметтік саланы қамтуды көздейді. Сессияға облыс әкімі Жәніс Қасымбек қатысты.

Әлеуметтік сала әлжуаздықтан арылады



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық мәслихат хатшысы Серік Өтешовтің төрағалығымен өткен кезектен тыс XX сессияда өзгерістер туралы қаржы басқармасының басшысы Людмила Башарина мәлімдеді.

Облыстық бюджет бұған дейін нормативтік-құқықтық актілердің веб-порталында талқыланып, облыстық бюджеттік комиссиялардың, Қоғамдық кеңестің отырыстарында және облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиясының бірлескен отырыстарында қаралған. Нәтижесінде, әлеуметтік саланы дамытуға, жалақы төлеуге, тарифтердің көтерілуіне байланысты коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге, мектепке дейінгі ұйымдарды қаржыландыруға, бастауыш сынып оқушыларын және мектеп-интернат тәрбиеленушілерін тамақтандыруға бағытталған.

– Шығыстар құрамында 1-4 сынып оқушыларының тамақтануына, облыстың білім беру ұйымдарының коммуналдық қызметтеріне ақы төлеуге және жалақы төлеуге; әлеуметтік маңызы бар облысшілік автокөлік маршруттары бойынша оқушыларын және мектеп-интернат тәрбиеленушілерін тамақтандыруға бағытталған.

– Шығыстар құрамында 1-4 сынып оқушыларының тамақтануына, облыстың білім беру ұйымдарының коммуналдық қызметтеріне ақы төлеуге және жалақы төлеуге; әлеуметтік маңызы бар облысшілік автокөлік маршруттары бойынша оқушыларын және мектеп-интернат тәрбиеленушілерін тамақтандыруға бағытталған.

Нақтыланған бюджет бойынша қаражат облыс ішінде әлеуметтік маңызы бар жолашушылар тасымалын субсидиялауға, «Қарағанды-Үштөбе-Құрылыс» облыстық маңызы бар автожол бойында жарықтандыру шамдарын орнатуға бағытталғанын да айту керек. Сондай-ақ, Бұқар жырау, Нұра, Осакаров және Шет аудандарын ша-

руашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздеу-барлау жұмыстарын жүргізу жұмыстарының төлемі де қарастырылған.

Өз кезегінде Серік Өтешов азаматтардың жайлы өмір сүруі үшін қажетті жағдай жасаудың түпкі мақсаты туралы айтып, бюджетті тиімді атқару қажеттігін атап өтті.

Сондай-ақ, кезектен тыс XX сессияда депутаттық корпус тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, мамандандырылған емдеу өнімдерін, медициналық бұйымдарды, қазақстандықтардың жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін қосымша ұсыну бағдарламасына енгізілетін өзгерістер бойынша денсаулық сақтау басқармасының ұсыныстарын қолдады.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Бибігүл Төлегенованың айтуынша, жергілікті бюджеттен жыл сайын орфандық ауруларды қамтамасыз ету үшін дәрі-дәрмектер сатып алу үшін, одан бөлек, 28 ауру түрі бойынша 25 дәрілік препаратты, мамандандырылған емдік тағамдық өнімді, медициналық құралдарды алуға қаражат бөлінеді.

– Бүгінде 3 ауру бойынша 6 препаратты алып тастау қажет. Себебі, аталған дәрілік заттар бұдан былай «СК-Фармация» ЖШС арқылы республика есебінен қаржыландырылатын болды, – деген Бибігүл Райханқызы мамандандырылған емдік азық-түлікпен бұдан былай амбулаториялық жағдайда алғашқы медициналық-санитарлық көмек және мамандандырылған медициналық көмек көрсету шеңберінде тіркелген жері қамтамасыз ететінін де жеткізді.

Сессия жұмысына бастан-аяқ қатысқан өңір басшысы облыстық бюджетке енгізілетін өзгерістер негізінен әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталғанын атап өтті.

Елдос ЖҰМАҒҰЛОВ,
саясаттанушы

Құбыр нарығының 90 пайызын жабады

(Соңы. Басы 1-бетте)

Компанияның мақсаты зор. Ол – осы құбырға деген сұранысты толық дерлік жабу. Дәлірек айтқанда, Қазақстан нарығының 90 пайызын қамту межеленіп отыр. Сонымен қатар, экспортқа шығу да – мұрат. Қарағанды құбырларын келешекте Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан елдеріне экспорттау жоспарда. Компания осы күні ол елдермен келіссөздер жүргізіп жатса керек-ті.

– Қазіргі таңда BI-Group, Bazis construction секілді тұтынушы компаниялармен, еліміздің әр өңіріндегі суға жауапты ұйымдармен, ірі құрылыс компанияларымен келісім бар, – дейді Александр Иванов.

Компания басшылығы құбырдың негізін қалайтын шетелден келетін шикізатта шикілік жоқтығына сенімді.

– Ол жоғары сапалы, әрі біздің климат қажет ететін техникалық сипаттамаларға сай. Өнім мемлекеттік стандартқа толық жауап береді, – деседі.

Кәсіпорын өнімін тек ірі құрылыс компаниялары ғана тұтынбайды. Оны қарапайым жеке тұлғалар да арнайы келіп, алуына мүмкіндік бар.

Полипропиленді бұйымдардың сумен жабықтауда алдыңғы қатарлы құрылыс материалына айналуына бірден-бір себеп – оның осы химиялық инерттілігі деседі ғалымдар. Артықшылығы – оның қоршаған ортамен химиялық реакцияға түспейтіндігінде, кез келген температурада механикалық беріктігін жоғалтпауында. Аталған құбырлар өндірісі толық автоматтандырылған технологиямен жүзеге асады. Соның нәтижесінде оның өзіндік құны да өзгелерге қарағанда әлдеқайда арзанырақ түседі екен.

Мұндай құбырлардың төзімділігі күшті. Мамандардың айтуынша, 50 жылға төтеп береді. Оған қоса, құбыр бойындағы судың құрамын өзгертпейді, суға зиянды әсері жоқ. Себебі, мұндай химиялық бұйым сумен реакцияға түспейді екен.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

1) жобаның атауы: «Арселор-Миттал Теміртау» АҚ әсеріне экологиялық рұқсат алу құжаттарының материалдары:

- Рұқсат етілген шығарындылар стандарттарының жобалары;
- Рұқсат етілген разрядтардың нормативтерінің жобалары;
- Қалдықтарды басқару бағдарламасы;
- Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы;
- Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары.

2) Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Теміртау қаласы;

3) Қоғамдық тыңдаулар. Сәрсенбі 2022 жылғы 28 желтоқсан сағат 16.00-де.

Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Қарағанды көшесі, 7 (ДНТИ әкімшілік ғимараты, үлкен конференц-зал) мекенжайы бойынша өтеді.

Өкілі: Сыропятова Анастасия Валерьевна, табиғатты қорғау бөлімінің басшысы.

Байланыс тел.: 8-7213-96 54 79.

4) Белгіленген қызметтің бастамашысы: «АрселорМиттал Теміртау» Акционерлік Қоғамы, БСН 951140000042, Теміртау қаласы, Республика даңғылы, 1;

Байланыс тел.: 8-7213-96 54 79

5) Әзірлеуші: «ЕКО AIR» ЖШС, 070003, Қазақстан Республикасы,

Өскемен қ., Астана қ.-сі, 4 ұй, Тел./факс: 8 (7232) 41-06-87, 49-20-64, 61-45-06, 29-55-40, БСН 050940002909, e-mail: info@ecoair.kz, www.ecoair.kz

6) Жоба материалдары сайтта орналастырылған: esportal.kz и https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press?lang=ru.;

7) Жоба материалдары бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: Теміртау қаласы, Республика даңғылы, 1, және нөмір: 8-7213-96 54 79, эл.пошта: anastassiya.syropyatova@arcelormittal.com

Сыропятова Анастасия Валерьевна, табиғатты қорғау бөлімінің басшысы;

8) Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданды: esportal.kz және мекенжайы бойынша:

1). 100000 Қарағанды қаласы, Лободы көшесі, 20

Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, эл. мекенжайы: expertiza.upr_krg@mail.ru; тел 7(7212)568-166

2).101407, Теміртау қаласы, Республика даңғылы, 1, эл. мекенжайы: anastassiya.syropyatova@arcelormittal.com; тел. 8-7213-96 54 79

инвестициялық жоба – «Қайрат» шаруа қожалығында 200 сауынды сиырға арналған тауарлы сүт фермасы қолданысқа берілді. Енді, міне «Шерубай Су» серіктестігі өз қаражатына екі қойма ашты. Ал, төртінші жоба – суармалы жерлердің көлемін 520 гектарға ұлғайту. Құны 90 миллион теңгені құрайды. Қойма құрылысы кезінде 25 адам еңбекпен қамтылды, – дейді Шет ауданы ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Бағлан Арыстанбеков.

Небары екі жыл ішінде құрылысы толық аяқталған қойма-

ның өнімді сақтау мүмкіндігі жоғары. Толық автоматтандырылып, шетелдік қондырғылармен жабдықталған. Қоймада картоп әрбір бөлікте 4,5 метр биіктікте үйіледі. Желдеткіш-салқындатқыш жүйенің көмегімен үйілген өнім арасына ауа барады. Ауа тазартылып отырады. Нәтижесінде, картоп құрғақ әрі таза күйінде сақталады.

Қойма картоптың бағасын да тұрқаты ұстауға септігін тигізуі тиіс.

Шет ауданы

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Картоп қоймасы ашылды

Нұрдос КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шет ауданының Красная поляна ауылдық округінде картоп қоймасы ашылды. «Шерубай Су» ЖШС былтырғы жылдың аяғында инвестициялық жоба аясында сыйымдылығы 6600 тонна болатын картоп қоймасын іске қосқан. Инвестиция сомасы 600 млн. теңгені құрады. Ал, биыл 13 400 тонналық қойманың құрылысын аяқтап, қолданысқа берді. Айтулы жобаның құны – 900 млн. теңге.

– Ауданның ауыл шаруашылығы саласында былтырдан бері іске асырылған инвестициялық

жобалар дамуға серпін беріп отыр. Кәсіпкерлікті қолдау картасынан тыс, биылғы мамыр айында бірінші

● ШАҒЫН КӘСІПКЕРЛІК

Жыл сайын Бұқар жырау ауданында жастар кәсіпкерлігін қолдау мен дамыту мақсатында аудан әкімінің грантына конкурс өткізіледі. Өткен 2021 жылы өз кәсібін ашуға талап қылған 47 жас оған қатысуға бизнес-жоспар жобаларын ұсынып, соның 29-ы жеңімпаз болып танылған еді. Аудан әкімінің 500 мың және 1 миллион теңге көлеміндегі грантын иеленген жас кәсіпкерлер әр салада жұмыс бастап та кетті.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет бағдарламасы бойынша 1 миллион теңге алған Ботақара кентінің тұрғыны Айдархан Әбдірахманов ұлттық ойынымыз «Жамбы ату» секциясын ашып, оған қажет спорт құрал-жабдыктарын сатып алыпты. Қазір бұл сек-

Жас келсе – іске



цияға 15 адам қатысып, алды республикалық жарыстардың жүлдесіне ие болып үлгерді.

Тағы да бір ботақаралық жас кәсіпкер Александр Махоньков өзі алған 500 мың теңге грантка

● БӘРЕКЕЛДІ!

Төрт студент топ жарды

ҚР колледждерінің «ТОП-100 студенті» байқауында 199 білім алушы бақ сынады. Қарағанды облысындағы 4 колледж студенті еліміздегі үздік 100 студенттің құрамына кірді. Олар «Қазақмыс» корпорациясы политехникалық колледжінің 4-курс студенті Әділ Тағаев, Қарағанды техникалық-құрылыс колледжінің 4-курс студенті Элина Шин, Қарағанды жоғары политехникалық колледжінің 3-курс студенті Дарина Алачева, А.Мусин атындағы Балқаш гуманитарлық-техникалық колледжінің 4-курс студенті Айым Қомшабаева. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Гүлнұр Серікжанқызы,
«Ortalyq Qazaqstan»

Білім алушылардың әрқайсысы оқуда озат, қоғам өміріне белсене

араласып, жетістікке жетіп жүр. Әділ Тағаев электромеханик

мамандығы бойынша білім алуда. Студенттің айтуынша, 9-сыныпта болашақ мамандығы туралы шешім қабылдап, колледжде түсуге бел буған. Қазір жоғары технологиялар мен автоматтандыру заманы болғандықтан, мамандығының маңызы еш уақытта жойылмайды деп санайды. Әділ Тағаев ерікті, сонымен қоса, студенттік кеңестің, пікірсайыс клубының президенті.

Элина Шин колледжде техник-дизайнер мамандығы бойынша оқиды. Осы салада биік шыңдарды бағындыру – оның арманы. Сту-

дент қосымша ШАГ академиясының курсын бітірген. «Террикон алқабының» бизнес-инкубаторында «Дизайнер көзі» (интерьерге жиһаз таңдау бойынша маркетинг) жобасын қорғап, екінші орын алды. «Террикон алқабы» ұйымдастырған хакатонда ол жалпы білім беретін мектептерге арналған сайтты ұсынған. Элина футбол ойнағанды жақсы көреді және колледж командасының құрамында.

Дарина Алачева – болашақ бағдарламашы. Қазірдің өзінде IT саласында жұмыс істейді,

веб-әзірлеу, графикалық дизайн, SMM-маркетинг, мобилография секілді әртүрлі бағыттарды игеруде. Студент TikTok-та презентацияларды қалай дұрыс жасау керектігі туралы түсіндіріп, кеңес береді.

Айым Қомшабаева «Шет тілі мұғалімі» мамандығы бойынша білім алуда. Біргеміз: Bilim облыстық жобасының еріктісі болып, көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға ағылшын тілін үйренуге көмектесті. Биыл Біргеміз: Ayala жалпымұлттық жобасының еріктісі болды, иесіз жануарларға көмек көрсету жобасын жүзеге асыру үшін шағын грант жеңіп алды. Айым – Қазақстандағы алғашқы Ozgeris бизнес-инкубаторының түлегі, әлеуметтік кәсіпкерлік

мектебінде оқыған. Сондай-ақ, ол 2021 жылы Балқаш қаласы әкімінің «Жас полиглот» номинациясы бойынша «Тіл жанашыры» сыйлығына ие болды.

Айта кетейік, колледждердің үздік студенттерін салтанатты түрде марапаттау рәсімі желтоқсан айының басында Астана қаласында өтеді. ҚР колледждерінің «ТОП-100 студенті» атағының иетерлері сертификаттар мен жылделер ғана емес, сонымен бірге жұмыс берушілерден шақырту алады. Бұл жастардың жұмысқа орналасуына мүмкіндік береді. Студенттер үшін жеке және кәсіби өсу бойынша шеберлік сабақтар, тренингтер мен курстар ұйымдастырылады.

Еске алу

Ақтоғай ауданы Ұшарал ауылының тумасы, әулетіміздің асқар тауы, әкеміз **Өзібек Бейсенұлы НҰРЖАНОВ** өмір кеуегімен бақиға аттанғанына 27 қарашада – 15 жыл.

Асқар тау әкеміз саналы ғұмырын жас ұрпаққа білім беру ісіне арнаған. Сағынып барып, марқайып қайтатын кездер, әкемізбен болған шуақты күндер кейде есімізге түседі. Адамгершілік асыл қасиеттері, өнегелі істері, ақыл-кеңесі, өр тұлғасы естен ешбір кетпейді. Дүниенің жарығын сыйлап, барлық адами қасиеттерді бойымызға дарытқан мейіріміз бен қажыр-қайратыңызға басымызды иеміз. Ардақты әке, қамқоршы ата, сіздің жарқын бейнеңіз – мәңгілік жүрегіміздің төрінде. Әкемізді сағына еске ала отырып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болып, Алла Тағала жұмақтың төрінен орын берсін деп тілейміз. Алланың нұры жауып, артыңызда қалған ұрпақтарыңызға шапағатыңыз тие берсін.

Еске алушы: жолдасы – **Мағал, балалары, күйеу балалары, келіндері, немерелері, жиендері.**



№814

ОО «Интертич Караганда» БИН 121140012483 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение 2-х месяцев со дня опубликования объявления по адресу: г. Караганда, ул. Прогресса, р-он д.1
Тел.: 8 7770203049.

№806

После смерти Бебикова Александра Васильевича умершего 21 июня 2022 года открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Динисламовой Минданы Гайнетдиновне. Город Сарань, улица Джамбула, дом 67А. Телефон 87014379918. 8708594 9202.
№813

● ТАҒЫМ

Журналистердің жолбасшысы еді

Қарағандыдан жеткен қаралы хабар еңсемізді езіп, көңілімізге қаяу түсірді. Күні кеше арамызда жүрген Балтабек Әбеуов әріптесіміз өмірден озыпты. Арамызды әп-сәтте селдіретіп кеткені жанға батады. Ол жарты ғасырға жуық өмірін өткізген Жезқазғаннан осы күзде ғана Қарағандыға қоныс аударған болатын. Кейінгі кездерде денсаулығы болмай, дәрігер жағын жиі жағалап жүретін. Ақыры сол сырқаты 75 жастан асқан шағында бұл жалғанмен қоптасуға себепкер болыпты. Тағдырдың жазуына не шара!

Балтекенің өткен өмір жолы, редакцияда көп жыл қатар еңбек етіп, бірге жүрген кездердің бәрі еске түсіп, көңіл көзінде сайрап тұр. Ол сонау 1973 жылдың қоңыр күзінде қылшылдаған 26 жасында Арқаның Ақтоғайынан Ұлытау баурайындағы Жезқазған қаласына ат басын бұрып, облыстық «Жезқазған туы» газетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің тізгінін қолға алған еді. Жана облысқа жер-жерден жиналған небір сайыпқыран журналистермен бірге тізе қоса еңбек етіп, Жезқазған журналистикасы мектебінің негізін қалаушылардың бірі болды. Қаламы қарымды журналист ретінде аймаққа кеңінен танылды.

Табан аудармастан 40 жыл ғұмырын осы баспасөз саласына арнады. Облыстық газетте жауапты хатшы, редактордың орынбасары, кейіннен қалалық «Сарыарқа» газетінде жауапты хатшы, Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің Жезқазған аймағы бойынша меншікті тілшісі сияқты қызметтерді абыроймен атқарып, сонынан ерген жас буын шәкірттерді тәрбиелеуге де айтарлықтай үлес қосты. Мәселені тереңдеп зерттеп, оқырманға ой салатын тақырыптарды көтеруген ерекшеленетін. Аймақтық «Мысты өңір» басылымында да өшпейтін қолтаңбасы қалды. Осы жерден құрметті демалысқа шықты.

Ол өз мамандығын шексіз сүйіп, бұл салада адал, әділ болуды үнемі дәріптеп жүретін. Қалам ұстаған дардан да сол ұстанымды қалайтын. Аймағымыздағы журналистердің ақылшы ағасы, адал жолбасшысы бола білді. Ажал құрығы жеткен соң амал бар ма?! Қош бол, қадірменді Балтеке! Қош бол, қаламдас бауыр! Алдың пейіш, артың кеніш болсын дейміз.

Амандық РАХҰЛЫ,
Қазақстанның
Құрметті журналисі

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны



● СҮЙІНШІ!

Дирижер дәрежесі артты

Жансая СӨРСЕНБАЙҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тәттімбет атындағы Қазақ халық аспаптары академиялық оркестрінің дирижері Әбілқайыр Сағымбаев Боздақ Рзаханов атындағы «Сықырлы таяқша» республикалық байқауынан I орын иеленіп қайтты.

Аталған байқау Ақтау қаласының Маңғыстау филармониясы базасында өтті. Байқауға Республикаға танымал оркестрлер барып өнер көрсетті. Арасында Абыл Тарақұлы атындағы халық аспаптар оркестрі де болды. Жалпы сайысқа 10 өңірден жиналған 17 музыкант қатысты.

Байқаудың негізгі мақсаты – жастар арасында дирижерлік өнерді дәріптеу. Сайысқа қатысушыларды қазылар алқасының сегіз мүшесі бағалады. Өнер сыны қос кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде байқауға қатысушылар қазақ күйлерін орындаушыларға дирижерлік етсе, екінші турда қазылар алқасы әншілердің жеке партияларын сүйемелдеген оркестрге дирижерлік деңгейін бағалады. Сонымен қатар, екінші бөлім ең үздік шетелдік классиктердің шығармаларына қатысты болды.



Жалпылама үміткерлерге қойылатын басты талап – композициялық құрылымды ашу мүмкіндігі. Сондай-ақ, ойналған әр туындыны түсініп оған мазмұн беру.

– Бірінші турда мен венгр композиторы Имре Кальманның «Сильваның демалыс ариясына», Құрманғазының «Сарыарқа» және Айтқали Жайымовтың «Қазақстан» шығармаларын домбырамен оркестр үшін орындаушыларға дирижерлік еттім. Билеттер бойынша екінші турда Андрей Петровтың «Отты безендіру» және Базарбай Жұманиязовтың увертюраларына дирижерлік ету құрметіне ие болдым. Менің жұмысым жоғары бағаланғанына ризамын. Мені бұл байқау ерекше шабыттандырды, – дейді жеңімпаз дирижер Әбілқайыр Сағымбаев.

Әбілқайыр Сағымбаев – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын 2021 жылы бітірген. Екі жылдан бері Тәттімбет атындағы Қазақ халық аспаптары академиялық оркестрінің дирижері болып жұмыс істейді.

● ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

15 қараша – Батырлар күніне орай жарияланған «Батырлар мұрасы» онкүндігі өтуде. Қазақтың ақжолтайы атанған Ағыбай батырдың 220 жылдық мерейтойын атап өту мақсатында академик Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде «Ағыбай батыр – ел қорғаны» атты дөңгелек үстел өтті.

Шара барысында Ағыбай баһадүрдің өмірі мен ел қорғаудағы жанқиярлық істері сөз болды. Заманында елінің тұтастығын қорғауда қажыр-қайратымен ерекшелініп, отарлық езгіге қарсы күрескені әмбебап аян. Үш жүздің басын біріктірген қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлының сенімді серіктерінің бірі болғандығын да тарих беттері айғақтайды. Ел арасында небір қиян-кескі ұрыста, жорық-жортуылда үнемі жолы болатындықтан «Ақжолтай батыр» атанған. Есімі ұранға айналған дарынды қолбасшы атамекеңін отарлық езгіден қорғауды мұрат еткен. Ағыбай Қарқаралы аймағында Ресей патшалығының отаршылдық саясатына қарсы көтеріліске белсене араласып, 1826-1846 жылдар аралығында жау әскеріне бірнеше рет күйрете соққы берді. Кенесары Қасымұлы өмірден өткен соң халқының азаттығы жолында күресін тоқтатпады. Сыздық төре қолының құрамында әскери қимылдар жүргізді. Бұл тура-

Аргентина жеңіліп қалды



FIFA WORLD CUP
Qatar 2022



Қатарда өтіп жатқан әлем чемпионатының А, В, С, D тобы үшін алғашқы айналым тәмамдалды.

Ербол ЕРБОЛАТ
«Ortalyq Qazaqstan»

A тобы

Қатар құрамасы чемпионаттың алғашқы күнінде Эквадорға есе жіберді. Келер күні Сенегал мен Нидерланды құрамасы кездесіп, 0:2 есебімен голландықтардың пайдасына шешілді. Бұл топта фаворит – голландықтар екені шүбәсіз. Жанкүйерлерінің сеніміне селкеу түсірмей, алғашқы кездесуді сәтті өткізді. Қазір бұл топта Нидерланды мен Эквадор құрамасы көш бастап тұр. Қоржынында – 3 ұпайдан.

B тобы

Бұл топта оңай қарсылас жоқ. Алайда, ағылшындардың десі басым екені айтпаса да белгілі. Англия құрамасы ирандықтармен алғашқы кездесуін өткізіп, 6:2 есебімен жеңді. Ағылшындар алғашқы кездесуден-ақ, мінез көрсетті. 2018 жылы әлем чемпионатының жүлделі III орыны үшін тартыста Белгия құрамынан жеңіліп қалған-тын. Биыл да сондай қарқынмен ойнауға

қауқары жетіп-ақ тұр.

Ал, америкалықтар Уэльс құрамасымен тең ойнады. Әзірге ағылшындардың қоржынында – 3 ұпай. II орында – АҚШ құрамасы.

C тобы

Аргентина мен Сауд Арабиясының құрамасы арасындағы кездесу 1:2 есебімен арабтардың пайдасына шешілді. Бұл – сенсациялық ойын. Мұны біз емес, футбол жанкүйерлері айтады. Алайда, «арабтар аргентиналықтарды неге ұтпасқа?» деген сұрақ туындайды. Араб билігі футболды дамыту үшін қыруар қаржы құйды. Спортшыларға жағдай жасауда. Тіпті, жыл он екі ай қыс болмайтын мемлекетте «хоккей қортын салып, хоккей спортын да дамытамыз» деген билеушілердің бұл сөзінен кейін спорт қалай дамымайды? Демек, бұл жеңіс соның бірден-бір айғағы емес пе? Араб билеушілері осы жеңістері үшін еліне 2 күн демалыс берген.

Ал, поляктар мен мексикалықтардың арасындағы кездесу тең аяқталды. Мексикалықтар қарсыласынан басым болғанын

ойын барысында-ақ көрсетті. Алайда, қақпаға бағыттаған соққылары – нәтижесіз. Мексика мен Аргентина құрамасы 2018 жылғы әлем чемпионатында топтық кезеңнен екінші болып шыққан. Биыл топтық кезеңнің көшін арабтар бастап тұр.

D тобы

Бұл топтағы фаворит – француздар. Көптің көкейінде «2018 жылғы әлем чемпионатының жеңімпаздары бұл жолы жетістігін қайталай ала ма?» деген сұрақ бар. Десе де, олар алғашқы кездесуін сәтті аяқтады. Бұл топта атап айтарлықтай өзгеріс жоқ. Олай дейтінім, 2018 жылғы әлем чемпионатындағы топтық кезеңде бір топқа түскен Дания мен Аустралия құрамаларымен биыл да топтық кезеңде бірге ойнайды. Демек, француздардың топтық кезеңнен еш қиындықсыз шығатыны айдан анық.

Француздар 4:1 есебімен аустралиялықтарды жеңді. Ал, Дания мен Тунис құрамасы тең ойнады. Топтық кезеңнен II орынмен шығуы үшін бәрінің де мүмкіндіктері бар. 2018 жылды еске түсірсек, француздардан кейін даттар топтық кезеңнен суырылып шыққан болатын. Ал, биыл ше?..

● ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

Аланның қос жүлдесі

Ливанның Джеззин қаласында үстел теннисінен WTT Youth contender Jezzine халықаралық турнирінде жерлесіміз Алан Құрманғалиев ел қоржынына алтын салды.



Бұған дейін 15 жасар спортшы 19 жас санатында бақ сынап, қола жүлдеге қол жеткізген болатын. Бұл жолы 17 жас санатында өнер көрсетіп, қарсыластарын қапы қалдырды. Ол осы жолы Қатар, Иордания, Пуэрто-Рико, Иран, Голландия спортшыларын жеңді.

● СПОРТТЫҚ БИ

Жерлестер жарады

Латвияның Саласпилс қаласында жастар арасында спорттық биден өткен әлем чемпионатынан жерлесіміз Максим Жиленков пен Арина Молочникова жеңіспен оралды. 32 елдің бишілері қатысқан дүбірлі додада Қазақстан құрамасы ел тарихында тұңғыш рет алтын медальді еншіледі.

Максим мен Арина Еуропа және испан биінің 10 түрін ұсынып, барлығынан үздік атанған.

– Бұл жеңіске Максим мен Арина тынымсыз еңбектің арқасында жетті. Бұл тек біз үшін ғана емес, елдегі би спорты үшін үлкен жеңіс. Клубта олар алты жасынан бастап жаттығады. Өткен жылы әлем чемпионатында финалға дейін бір қадам жетпей қалып еді. Биыл тынбай дайындалды. Еуропадағы белелді жаттықтырушылардан да жеке сабақ алады. Ата-аналары да оларға өз мақсаттарын жүзеге асыруға көмектесті, – дейді «София» би спорт клубының жетекшісі Ксения Акатьева.

Екеуі 13 жыл жұп ретінде өнер көрсетіп, ел кубогінің бірнеше дүркін чемпионы атанған. Сондай-ақ, Азияның төрт дүркін чемпионы. 2019 жылы Румынияда өткен әлем чемпионатының қола медалін жеңіп алған. Алдағы уақытта Италия мен Хорватиядағы әлем чемпионатында жеке-жеке өнер көрсетеді.

● ВОЛЕЙБОЛ

Жастар жарыс жолында

Жоғары оқу орындарының басшысы мен Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімі басшысының ұйымдастыруымен Баян Нұртаеваны еске алуға арналған волейболдан XII Студенттер лигасы өтті.

Турнир волейболды насихаттау және одан әрі дамытып, спортшылардың спорттық деңгейін көрсету мақсатында қолға алынған. Жарыс 2022 жылдың 10 қазаны мен 2023 жылдың 1 мамыр аралығында ұлдар мен қыздар арасында өткізілмек. Екі айналымнан тұратын турнирдің бірінші кезеңі 10 қазан-20 желтоқсан аралығында, екінші кезеңі 25 қаңтар-1 мамыр аралығында өтпек. Бүгінде Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды медициналық университеті, Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Bolashaq колледжі, Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, ҚР ПМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы мен Қарағанды жоғары политехникалық колледжінің студенттерінен өтінім түскен.

– Осы жарыс облысымыздағы волейбол спортын дамытуға қозғау салады. Студенттік лиганың басты мақсаты – жастарға көңіл бөліп, өзін-өзі жетілдіру үшін жағдай жасау. Сондықтан, біз төл тарихын жетік білетін, бағалайтын және мақтан ететін өскелең ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге белсене атсалысуға міндеттіміз. Студенттік лигада танылған біраз жігіт белгілі командаларда ойнап, республикалық жарыстарда көзге түсіп жүр, – дейді жарыстың бас төрешісі Болат Дүйсебаев.

Дайындаған:
Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Батыр ерлігі баяндалды



сындағы тың деректерді жиналғандарға университеттің тарих кафедрасының оқытушысы Н.Ошан ұсынды. Студенттер Б.Сахабай, Ш.Тұрғын, А.Ғалым, Ж.Бауыржан,

М.Дүкенбай, А.Тұрарбек, Ж.Жанатбек, А.Әуелхан, Д.Жексенбай, Ә.Мұрат дерек пен дәйекке қатысты ойларын ортаға салды. Жыынға арнайы қатысқан қонақтар Қарағанды университетінің тарих факультетінің деканы Ж.Жұмабек және батыр ұрпағы Қарағанды техникалық университетінің профессоры, Б.Исмак сол заманның бет-бедерін айқындап, ерен тұлғаның ерлігін насихаттады.

Онкүндік аясында жоспарланған келесі шара 24 қараша күні Қарағанды политехникалық колледжінде өтпек. Бұл жолғы ғылыми-танымдық конференцияда қазақтың Батырлар институтының көрнекті өкілдері қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлының 220 жылдығына, Есет батыр Көкіұлының 355 жылдығына, қазақтың батыр қызы Мәмәтованың туғанына 100 жыл толуына байланысты қолға алынуа.

Еске салып өтетік, ұлт құндылықтарын сақтау мен насихаттауға бағытталған қазақ күнтізбесі шеңберінде қаламыздағы «Qazaq club» мүшелері өткен жылы қазақтың әскери мұрасын насихаттайтын «Жауынгерлік Даңқ» лентасының тұсаукесерін өткізген болатын.

Нұржан СҰРШАҰЛЫ,
«Қазақ күнтізбесі» жобасының авторы

Біздің сайт: www.ortalyq.kz

Таралымы 6 230

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com

ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ:
«Saryarqa aqarata» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор **Қайрат ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы
Оксана МЯГКИХ
Директордың орынбасары
Гүлмира ЖҰМАДИЛДИНОВА
Бас редактор
Ерсін МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Назым ДҮТБАЙ
Интернет-редакция редакторы
Ілияс МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
Қасымхан ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Экономика бөлімі: 43-31-77
Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88
Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72
Әлеумет бөлімі: 43-49-72
Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92
Интернет редакция бөлімі: 43-31-77

Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74;
Компьютер орталығы: 43-58-08.
Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Сараң, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

- Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген.
- Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJBKZKX БИН 000840001412

№131 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ,

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС
баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.

Кезекші редактор
Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ



Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.